

Қарғалы аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 288 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 19 желтоқсанда № 3-6-181 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қарғалы аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Қарғалы аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қарғалы аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Утегенов
Н. Заглядова*

Қарғалы аудандық мәслихатының
2018 жылғы 7 желтоқсандағы
№ 288 шешіміне
Қосымша

Қарғалы аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылатын кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қарғалы аудандық мәслихатының 2005 жылғы 12 қаңтардағы № 1 "Қарғалы ауданы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) және жер учаскелеріне ақының базалық ставкасына түзету коэффициентін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3060 тіркелген, 2005 жылғы 24 ақпанда аудандық "Қарғалы" газетінде жарияланған) шешімі;

2. Қарғалы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 шілдедегі № 155 "Қарғалы ауданы мәслихатының 2005 жылғы 12 қаңтардағы № 1 "Қарғалы ауданында жерді

аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-6-87 тіркелген, 2009 жылдың 10 қыркүйегінде аудандық "Қарғалы" газетінде жарияланған) шешімі;

3. Қарғалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 172 "Қарғалы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3762 тіркелген, 2014 жылдың 30 қаңтарында аудандық "Қарғалы" газетінде жарияланған) шешімі;

4. Қарғалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 шілдедегі № 52 "Қарғалы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 172 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5032 тіркелген, 2016 жылдың 23 тамызында "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

5. Қарғалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 1 наурыздағы № 225 "Қарғалы ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-6-152 тіркелген, 2018 жылдың 6 сәуірінде нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.